

ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗЫ БАР ОҚИҒАЛАРЫ

2021

Наурыз

Қоғам «Астана» халықаралық қаржы орталығының «Astana International Exchange» (AIX) биражасында облигациялар шығарды. Шығарылымның ұйымдастырушысы Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) болды. Шығарылым көлемі – 2 млрд ресей рублі, облигациялардың айналыс мерзімі – 21 айға дейін, купонның мөлшерлемесі – жылдық 8,0%. Облигациялардың листингі 2020 жылдың 15 наурызында жасалды. Шығарылымның барлық көлемі 2021 жылдың 16 наурызында «exempt offer» арқылы орналастырылды. Облигацияларды орналастыру нәтижесінде алынған қаражат Қоғамның инвестициялық жобаларын қаржыландыруға бағытталды.

2021 жылғы 31 наурызда «Бавария» тұрғын үй кешені – 2-кезегі (меншікті тіркеу күні – 2021 жылғы 22 мамыр) пайдалануға берілді.

Сәуір

2021 жылғы 29 сәуірде, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС сенімділікпен басқару шеңберінде «Сыртқы сумен жабдықтау» жобасы бойынша ҚМЖ аяқталып, Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

Шілде

2021 жылғы 15 шілдеде Қоғам Жалғыз акционердің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 20/21 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес компанияларға қатысты дивидендтік саясатына сәйкес 1 019 776 510,95 теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 62,76498 теңгені құрайды.

Қыркүйек

ISIN KZX000000633 облигациялары бойынша купондық сыйақыны төлеу.

Қазан

2021 жылғы 6 қазанда Fitch Ratings компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитент дефолт рейтингтерін «BB» деңгейінде растай отырып, Қоғамның рейтингі бойынша болжамды «Тұрақтыдан» «Оңға» өзгертті.

Қараша

АКРА Қоғамның халықаралық шкала бойынша кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен «BB+» деңгейінде растады және СККН Финанс (ЖШҚ) (RU000A102KF8) облигацияларының кредиттік рейтингін A-(RU) деңгейінде растады.

Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2022–2026 жылдарға арналған бизнес-жоспары бекітілді.

2021 жылғы 9 қарашада, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС сенімділікпен басқару шеңберінде «Инженерлік желілер дәлізі» жобасы бойынша ҚМЖ аяқталып, Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

Желтоқсан


2021 жылғы 28 желтоқсанда, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС сенімділікпен басқару шеңберінде «Су өңдеу» жобасы бойынша ҚМЖ аяқталып, Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

НАРЫҚТЫ ҚЫСҚА ШОЛУ

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алу үшін пайдалану бағдарламасын енгізу халық арасында тұрғын үйге дүрлікпе сұраныстың өсуіне ықпал етті, бұл өз кезегінде тұрғын үй құрылысының көлемдерінің өсуіне ынталандыру болды.


2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемі 11,4%-ға өсіп, 17 076 мың ш.м. құрады.

Тұрғын үй ғимараттарының жалпы көлемін пайдалануға беру



Тұрғын үй құрылысына инвестициялар көлемі өсті: 2020 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2021 жылы көрсеткіш 23,8%-ға өсіп, 2 436,1 млрд теңгені құрады.

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар



Қазақстанда соңғы 10 жылдағы баға динамикасы орта есеппен жаңа тұрғын үйлердің бір шаршы метр үшін 154-тен 361 мың теңгеге дейін, яғни 2,2 еседен астам қымбаттағанын көрсетеді.

2020 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлердің орташа бағасының өсуі Петропавл (84,6%), Өскемен (34,3%), Талдықорған (27,9%), Қостанай (23,8%), Нұр-Сұлтан (22%) қалаларында байқалады. Жаңа тұрғын үйдің 1 ш.м. үшін баға Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында орташа республикалық деңгейден жоғары қалыптасып, тиісінше 479,2 мың теңге, 415,1 мың теңге және 379,8 мың теңгені құрады.

Айта кету керек, валюта нарықтарындағы бағалардың ауытқуына байланысты 2022 жылы инфляциялық күтулер және соның салдарынан бастапқы және қайталама тұрғын үй бағасының өсуі байқалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің деректері бойынша, соңғы 10 жылда ипотекалық кредиттеу көлемі 3,7 есеге өсті. Ипотекалық кредиттеу саласындағы белсенділік көп жағдайда тұрғын үй және құрылыс саласын мемлекеттік қолдауға байланысты.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда жеке тұлғаларға тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар 1 746,3 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен шамамен 2 есеге жоғары.

Есепті кезеңде тұрғын үйді сатып алу-сату нарығында айтарлықтай өсім байқалады. 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 96,8%-ға өсіп, 606 056 мәмілені құрады.